«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Бекітілді
«Esil University» мекемесінің
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(2026 жылғы «25» 06. № 12 хаттама)

Ғылыми кеңестің төрағасы
_____ А. Таубаев

«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІНДЕГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Р EsU 22-02

Астана
2026 жыл

Мазмұны

1. Жалпы ережелер 3
2. Негізгі санитариялық-эпидемиологиялық іс-шаралар 3
3. EsU объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындау тәртібі 5
4. Карантин кезеңінде санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шаралары 6
5. Қорытынды ережелер 7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету регламенті (бұдан әрі – Регламент) Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында білім алушылардың, профессорлық-оқытушылық құрамның және қызметкерлердің денсаулығын сақтауға, сондай-ақ «Esil University» мекемесінде (бұдан әрі – EsU) қауіпсіз білім беру ортасын құруға бағытталған).

1.2. Осы Регламент талаптарын орындау EsU-дің барлық білім алушылары, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады және EsU аумағында жұмыстар жүргізетін заңды тұлғалардың өкілдеріне, сондай-ақ жеке тұлғаларға (келушілерге) де қолданылад).

1.3. Осы Регламент Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына, «Esil University» мекемесінің Жарғысына, ішкі еңбек тәртібі мен корпоративтік әдеп қағидаларына сәйкес әзірленді.

2. НЕГІЗГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР

Санитариялық-эпидемиологиялық іс-шаралар – инфекциялық аурулардың пайда болуының, таралуының алдын алуға және оларды жоюға бағытталған ұйымдастырушылық, әкімшілік және инженерлік-техникалық шаралар кешені. Бұл іс-шаралар білім алушылар мен EsU қызметкерлерінің санитариялық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Өндірістік бақылау мыналарды қамтиды:

- үй-жайлардың санитариялық жағдайын бақылау;
- ауыз су сапасын бақылау;
- микроклимат пен жарықтандыру параметрлерін бақылау;
- заңнамада көзделген жағдайларда зертханалық зерттеулер жүргізу.

2.1. **Санитариялық-эпидемиологиялық іс-шараларды ұйымдастыру:**

–білім алушылар үшін оқу процесі кезінде қолайлы жағдайлар жасау;;

–EsU қызметкерлері үшін қолайлы еңбек жағдайларын қалыптастыру;;

–EsU объектілері ғимараттарын орталықтандырылған жылумен жабдықтау көзімен қамтамасыз ету;

–EsU объектілерінің үй-жайларында оңтайлы микроклиматты ұйымдастыру;

–EsU-де гигиеналық нормаларды сақтау;
–жәндіктер мен кеміргіштерге қарсы дератизация және дезинсекция жұмыстарын жүргізу үшін жыл сайын сыртқы мамандандырылған ұйымдармен шарт жасасу;
–өндірістік бақылауды сыртқы ұйымдар арқылы жүзеге асыру;
–қоқыс жинауға арналған контейнерлерді қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету.

2.2. **Объектілердің үй-жайларын жөндеуге және күтіп ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар:**

–EsU объектілерінің аумағын таза ұстау;
–объектілер аумағында бөгде заттарды жинап қоюға тыйым салу;
–объектілерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын оқу процесі аяқталғаннан кейін (демалыс кезеңінде) жүргізу);
–жарықтандыру құралдарын, үй-жайлардағы ақауларды, жабдықтар мен жиһаздардың бұзылуын уақытылы жөндеу немесе ауыстыру;
–объектілер ғимараттарындағы желдету және ауа баптау жүйелерінің жұмыс жағдайын бақылау;
–EsU үй-жайларын желдету жұмыстарының жүргізілуін бақылау;
–аудиторияларда, деканатта, кафедраларда, жұмыс кабинеттерінде, дәліздерде және EsU ғимараттарының сыртқы периметрінде түнгі уақытта жасанды жарықтандырудың жұмыс жағдайын бақылау;
–объектілердің үй-жайларындағы, медициналық пункт пен оқшаулау бөлмесіндегі ауа температурасына бақылау жүргізу;
–медициналық пункт пен оқшаулау бөлмесіне термометрлер орнату;
–барлық үй-жайларды таза ұстау, дезинфекциялық және жуғыш заттарды пайдалана отырып ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу;
–санитариялық тораптарды әр сағат сайын ылғалды тазалау;
–барлық үй-жайлар мен дәліздерді қоқыс жәшіктерімен жабдықтау;
–қатты тұрмыстық қалдықтарды уақытылы шығаруды бақылау;
–қолжуғыштар мен басқа да санитариялық-техникалық құралдар орнатылған орындарда, сондай-ақ пайдалану кезінде қабырғалардың ылғалдануына әкелуі мүмкін жабдықтар орналасқан жерлерде қабырғаларды жылтыр қаптама плиткалармен немесе басқа да ылғалға төзімді материалдармен гидрооқшаулау;
–EsU объектілерінің дәретханалары мен санитариялық тораптарында қолжуғыштар, электрлі қолкептіргіштер, сұйық сабынға арналған дозаторлар және қоқыс жәшіктері орнатылуы;
–халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына (мүгедектігі бар адамдарға) арналған санитариялық торап (дәретхана) белгіленген нормативтерге сәйкес жабдықталуы (кеңейтілген кабина, тұтқалар және басқа да құрылғылар);

– тазалау құралдарын сақтау және өңдеу үшін арнайы үй-жайлардың болуы.

3. EsU объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындау тәртібі

EsU объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды орындау тәртібі Университеттің білім алушылары, қызметкерлері мен келушілері үшін қауіпсіз оқу, еңбек ету және болу жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында EsU объектілерінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды ұйымдастыру мен орындауды айқындайды.

Осы Регламенттің талаптары Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері, қызметкерлері, білім алушылары, үй-жайларды жалға алушылар және EsU объектілерінде болатын өзге де тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

Әр ауысымда санитариялық қағидалардың сақталуы қамтамасыз етілген жағдайда екі ауысымды оқу режимін ұйымдастыруға жол беріледі..

3.1. Жабдықтар, жиһаздар, жұмсақ және қатты мүкәммал, санитариялық-техникалық құралдар жарамды күйде болып, мақсатына сай пайдаланылуы тиіс. Үй-жайлардың әрлеуіндегі ақаулар мен жабдықтардың, жиһаздардың бұзылуы уақтылы жөнделуге немесе ауыстырылуға жатады..

3.2. Тауарлық-материалдық құндылықтар, шаруашылық мүкәммал қоры және басқа да құралдар арнайы бөлінген үй-жайларда (қоймаларда) сақталады;

–тазалау құралдары (еден жуғыштар, шелектер, щеткалар, шүберектер) таңбаланып, жекелеген үй-жайларға (аудиториялар, кабинеттер, дәліздер, санитариялық тораптар және басқа да үй-жайлар) бекітіледі;

–дезинфекциялық ерітінділер ерітіндінің дайындалған күні көрсетілген таңбаланған ыдыстарда дайындалады;

–дезинфекциялық ерітінділер студенттер мен қызметкерлердің қолы жетпейтін арнайы үй-жайларда сақталады;

–үй-жайларды (аудиториялар, жұмыс кабинеттері, дәліздер) ылғалды тазалау жуғыш және дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып техникалық қызметкерлермен күн сайын (күніне 2 рет), сондай-ақ ластануына қарай жүргізіледі;

–санитариялық тораптарда жуғыш және дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып ылғалды тазалау және қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару әр сағат сайын (бекітілген кестеге сәйкес) жүргізіледі;

–үй-жайларға жалпы тазалау жұмыстары жуғыш және дезинфекциялық құралдарды қолдана отырып айына 1 рет жүргізіледі;

–барлық үй-жайларды тазалау аяқталғаннан кейін тазалау құралдары өңделеді;
–тазалау құралдары арнайы белгіленген орындарда сақталады;
–қоқыс ылғалды тазалау кезінде, сондай-ақ қоқыс жәшіктері толуына қарай шығарылады;
–қоқыс жинау үшін оқу корпусының артында контейнерлер орнатылған, оларды шығару үшін Астана қаласының коммуналдық кәсіпорнымен шарт жасалған;
–әкімшілік-шаруашылық бөлімінің ғимаратты пайдалану қызметінің басшысы санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізеді:
1) бекітілген кестеге сәйкес ылғалды тазалау жұмыстарының жүргізілуін бақылау үшін барлық үй-жайларды аралап тексеру;
2) қоқыстың уақытылы шығарылуын бақылау;
3) үй-жайларды желдетудің жүргізілуін бақылау;
4) ластану іздерінің болмауын бақылау;
5) ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес тәртіптің сақталуын бақылау;
–әкімшілік-шаруашылық бөлімінің ғимаратты пайдалану қызметінің басшысы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға қатысты ескертулер анықтаған жағдайда, оларды EsU техникалық персоналы уақытылы жояды.

3.3. 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес студенттер үйінде өндірістік бақылау жүргізіледі.

3.4. Өндірістік бақылау аяқталғаннан кейін зертханалық зерттеулер жүргізетін сыртқы ұйым мамандары зерттеулер мен өлшеулердің хаттамаларын береді.

4. Карантин кезеңіндегі санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шаралары

4.1. Санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кезеңде, еңбек заңнамасының және ғылым мен жоғары білім саласындағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, барлық мүмкін болатын процестер қашықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылады.

4.2. Санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, EsU білім алушылар мен қызметкерлерді санитариялық өңдеуден өткізуге арналған дезинфекциялық туннельмен қамтамасыз етіледі, ол ғимараттың кіреберісіне орнатылады.

4.3. EsU-де санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин кезеңінде, міндетті түрде маска режимі енгізіледі.

4.4. Санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шаралары жағдайына байланысты EsU-де қолды өңдеуге арналған дозаторлардың (санитайзерлердің) қажетті қоры болады.

4.5. Инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралу қаупі туындаған кезде енгізілетін санитариялық-эпидемиологиялық және шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді (инфекциялық аурулардың тізбесін қоса алғанда) одан әрі жүзеге асыру тәртібі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен белгіленеді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Осы Санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету регламенті және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

5.2. Құжатқа аудит жүргізу үшін жауапкершілік Әкімшілік-шаруашылық басқармасының (ӘШБ) басшысына жүктеледі.

5.3. Құжатты сақтау үшін жауапкершілік Білім сапасы және стратегиялық талдау бөліміне (БССТБ).

Келісу парағы

Лауазымы	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
Бірінші проректор – академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Макыш С.Б.	22.06.2026ж	
Ғылыми жұмыс және интернационалдандыру жөніндегі проректор	Турекулова Д.М.	22.06.2026ж	
Стратегия және цифрландыру жөніндегі проректор	Шуйтенов Г.Ж.	22.06.2026ж	
Персоналды басқару бөлімінің басшысы	Нуртазанова Л.К.	22.06.2026ж	
Әкімшілік-шаруашылық басқармасының басшысы	Садирбаев О.А.	22.06.2026ж	
АҚ жәнеТЖ, ЕҚ және ҚТ инженері	Сакенова Г.А.	19.06.2026ж	
Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің басшысы	Исанова А.Б.	19.06.2026ж	
Студенттер үйінің санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің басшысы	Досманова Р.А.	19.06.2026ж	
«Жеңіс, 72» **оқу корпусының санитариялық-эпидемиологиялық қызметінің басшысы.**	Амишев С.К.	19.06.2026ж	

Өзгерістерді тіркеу парағы

№ р/с	Өзгерістер енгізу туралы өкімдік құжаттың атауы	Өзгерістің бекітілген күні	Осы данаға өзгерісті енгізген тұлға		
			Құжаттаманы жүргізуге жауапты тұлғаның Т.А.Ә.	Қолы	Күні